

«Алмажан» жеке балабақшасы

«Қош келдің Әз-Наурыз!»

(Наурызнама мерекесіне дайындық, ұйымдастыру және өткізу, қамқоршылық кеңес отырысы №3)

2024-2025 оқу жылы

Ұлттық мерекені ұйымдастыру: ұлттық ойындар, салт-дәстүр көріністері және ұлттық тағамдар көрмесі

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу, жас ұрпаққа салт-дәстүрді насихаттау – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Ұлттық мерекелерді атап өту арқылы тәрбиеленушілердің туған жеріне, халқына, ұлттық мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыруға болады. Осы мақсатта мектепке дейінгі ұйымда ұлттық мерекелерді мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде ұйымдастырудың маңызы зор.

Ұлттық мерекені ұйымдастыру барысында қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мерекелік шараға балабақша ұжымы, тәрбиеленушілер, ата-аналар және Қамқоршылық кеңес мүшелері белсенді қатыса алады.

Іс-шараның негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді ұрпақ санасына сіңіру, тәрбиеленушілердің ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыру және үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Ұлттық ойындар

Мерекелік шараның маңызды бөлігі – ұлттық ойындар. Қазақ халқы ежелден ойын арқылы баланы ептілікке, батылдыққа, шапшаңдыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеген.

Іс-шара барысында «Арқан тарту», «Асық ату», «Бес асық», «Ақсерек – көксерек», сияқты ұлттық ойындарды ұйымдастыруға болады екен қамқоршылық кеңес мүшелері ұсыныс жасады.

Ұлттық ойындарға тәрбиеленушілердің белсенді қатысуы олардың дене шынықтыру қабілетін арттырып қана қоймай, достыққа, бірлікке және өзара сыйластыққа тәрбиелейді.

Салт-дәстүр көріністері

Мерекелік бағдарламада қазақ халқының салт-дәстүрлерінен көріністер көрсету де маңызды. Тәрбиеленушілер «Шашу», «Бата беру», «Тұсаукесер», «Бесікке салу», «Қонақ күту» сияқты дәстүрлерді сахналық қойылым арқылы көрсете алады.

Мұндай көріністер арқылы тәрбиеленушілер халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарын тереңірек түсінеді. Әсіресе үлкендерден бата алу, үлкенді құрметтеу, ұлттық салтты сақтау сияқты тәрбиелік мәні жоғары дәстүрлерді көрсетуге басымдық беріледі.

Ұлттық тағамдар көрмесі

Ұлттық мерекенің тағы бір маңызды бөлігі – қазақтың ұлттық тағамдарынан көрме ұйымдастыру.

Көрмеге бауырсақ, қазы, қарта, құрт, ірімшік, жент, талқан, шелпек, қымыз, шұбат сияқты ұлттық тағамдар қойылады. Әр тағамның атауы мен дайындалу ерекшелігі туралы оқушылар қысқаша ақпарат береді.

Ұлттық тағамдар көрмесі ата-аналардың да іс-шараға белсенді араласуына мүмкіндік береді. Ата-аналар өздерінің ұлттық тағамдарды дайындау тәжірибесімен бөлісіп, тәрбиеленушілер қазақтың дәстүрлі тағамдарының ерекшелігін түсіндіре алады.

Қорытынды

Ұлттық мерекені осындай мазмұнда ұйымдастыру – тәрбиеленушілердің ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі. Ұлттық ойындар арқылы – ептілік пен ұйымшылдыққа, салт-дәстүр арқылы – үлкенді сыйлауға, ұлттық тағамдар арқылы – халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелейміз.

Қазақтың ұлттық құндылықтары – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын асыл мұра. Сондықтан әрбір ұлттық мерекені мазмұнды өткізу арқылы біз жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, ұлттық мақтаныш, салт-дәстүрге құрмет сезімдерін қалыптастырамыз.

«Алмажан+» жеке балабақшасында қамқоршылық кеңес пен ата-аналардың осындай тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысуы – балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық тәрбиені бірлесе жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді.

Жиналыс төрағасы:

Кәзіева А.Н.

Жиналыс хатшысы:

Маренова А.Н.

